

# AQTÓGAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№6 (7843)  
Жұма  
11 ақпан  
2022 жыл

Ақорда

## «Олимпиадалық дипломатия» немесе Президент Қ.Тоқаев Қытай еліне қалай барып қайтты

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірекі күн бұрын XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысу үшін Бейжіңге жұмыс сапарымен барып келді. Бұл – Мемлекет басшысының биылғы шетелге жасаған бірінші сапары. Осы жаһандық спорт додасы Қытайдың ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл мерекесімен тұспа-тұс келді. Мұның символдық мәні зор. Қытай халқы Барыс жылын үлкен қошеметпен қарсы алды.

Қазақстан Президентімен қатар Қытай астанасына 30-дан астам мемлекеттің басшылары мен үкімет жетекшілері, корольдер отбасыларының мүшелері мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері келді.

Бейжіңдегі ауа райын айтар болсақ, күн ашық, қар жоқ, бірақ қара суық. Төрт жылда бір келетін спорт додасына халықтың қызығушылығы өте жоғары болды. Мәселен, тіпті дүкендерде Бейжің Олимпиадасының таңбалары бейнеленген кәдесыйларға ұзын-сонар кезек болып жатты.



Жергілікті халықтың көзінен еліне деген мақтаныш пен зор қуаныш байқалды. Қазақстан көшбасшысы Қытай астанасына 3 ақпан күні ұшып келді. Мемлекет басшысын әуежайдан ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі Ли Хуэй күтіп алды. Айтпақшы, Қытайдың осы жоғары лауазымды дипломаты өткен Жаңа жыл қарсаңында – 30 желтоқсанда Ақордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған. Сол кезде ол қысқы Олимпиаданың ашылу рәсіміне Қытай Төрағасының шақыруын табыстады. Президенттің айтуынша, олар бір-бірін шамамен 40 жылдан бері біледі. Екі құрдас өткен ғасырдың 80-ші жылдарының басында Бейжіңде өте жақын араласқан.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің батыс бөлігінде орналасқан «Дяоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасты. Бұл резиденцияның 800 жылдан астам тарихы бар. Бұрын бұл тарихи әрі көрікті жер Қытай императорларының демалысы үшін арнап салынған сарай болған. Цзинь әулетінің билігі кезінде император Чжанцзун мұнда балық аулайтын платформа салдырған. Резиденция атауы қытай тілінен аударғанда балық аулауға арналған терраса дегенді білдіреді. Содан бері резиденцияға «императорша балық аулау» атауы бекіп қалған.

Осы ретте бір нәрсені айта кеткен жөн. Қасым-Жомарт Тоқаевтан бөлек «Дяоюйтай» резиденциясында ауқымды іс-шара күндері Ресей Президенті Владимир Путин мен Пәкістан Премьер-Министрі Имран Хан ғана тоқтады, ал өзге делегациялар қонақ үйлерге орналастырылды. Әрине, бұл қытай тарапының Қазақстан басшысына, жалпы біздің елге деген ерекше құрметін, айрықша көзқарасын білдіреді.

Бүкіл әлемде өршіп тұрған коронавирустың жаңа Омикрон штамы жағдайында Қытай билігі бұрын-соңды болмаған шектеу шараларын енгізді. Бұл хаттамалық шараларға да өзінің әсерін тигізді. Мысалы, белгіленген тәртіпке сәйкес Президенттің шетелдік сапарларын дайындау кезінде Мемлекеттік күзет қызметінің, Президенттің баспасөз қызметі мен Протоколының, сондай-ақ Президенттің іс басқармасының бірнеше қызметкерінен тұратын алдын ала баратын топ құрылады. Сол алдын ала баратын топ Мемлекет басшысының Бейжіңге баруына 1,5 күн қалғанда жетті. Осындай қысқа мерзімге қарамастан, аталған жұмыс тобы ҚХР СІМ жауапты қызметкерлерімен,

(Жалғасы 4-бетте.) ➔

Қууіміз – бірлікте!

## Мемлекет мүддесі бәрінен жоғары тұруы керек

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбатын мұқият қарап, тыңдап шықтым. Эксклюзивті сұхбатында Мемлекет басшысы қаңтардағы қайғылы оқиғалардың себептері мен салдары, алдағы саяси және әлеуметтік реформалар, Қазақстанның негізгі сыртқы саяси серіктестермен қарым-қатынасы туралы шынайы және батыл түрде тоқталып, елдегі бірлік, ынтымақтың қажеттілігін атап өтті. Сонымен бірге, қаңтардағы қайғылы жағдай туралы айта келе, Мемлекет басшысы қиын сәтте берілген келеңсіз тапсырмаларды пысықтап айтып шықты.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев басқа да сәтсіздіктерді айтуға сескенбеді. Мәселен, ақпараттық «соғысқа» қатысты: – Сол кезеңде ақпараттық жарияланымдар жанында біз шарасыз болдық, онымен күресетіндей уақыт та, күш те тапшы болды. Ол кезде біз туралы кім не айтатыны маңызды болған жоқ, – деді Қ.Тоқаев сұхбат барысында. Сұхбат беру барысында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әлауқатын көтеру үшін қажетті өзгерістер туралы сөз болды. Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбатында трансформация қажет екенін атап өтті. Ол реформалар адамдарды

өзгерту үшін жасалмайтыны, өзгерістердің тек қалыпты жүйеге ғана әсер ететінін айта кетті.

Президенттің сұхбатта айтылған көрікті ойларының бірі – оның мемлекет үшін қызмет ететіндігі. «Менің ойымша, соңғы оқиғалар мен үшін мемлекеттің мүдделері бәрінен жоғары екенін көрсетті. «Платон – менің досым, алайда ақиқат қымбаттырақ» сөзін де көпшілікті қолдау үшін айтпадым. Шын мәнінде, мемлекеттің мүдделері Президентке, Мемлекет басшысына қатысты болса, сөзсіз, бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Өзінің айтуынша, алдағы күндері қабылданатын елдің әлеуметтік жағдайын арттыруға бағытталған, бірақ мемлекеттік бағдарламалар ауылдағы халыққа демеу, кәсібіне қолдау болмақ. Байқап, бағдарласақ, қазірдің өзінде өзгерістер басталып кетті. Олар қазақстандық қоғам мен бүкіл саяси жүйені трансформациялаудың оң нәтижелеріне қол жеткізуден тұрады, бұл, сайып келгенде, Қазақстанды экономикалық өсуге әкеледі деп сенейік!

С.Аубакиров,  
ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп  
бөлімінің басшысы.

## Жаңа Қазақстан – жаңа жаңғырулар жолында

Мемлекет басшысы «Хабар-24» телекомпаниясының тілшісіне берген сұхбатында көзделген мақсаттарға жету үшін алдымен халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуымыз керек деп нақты айтты. Әсіресе, үкілі үміттеріміздің тірегі болған жастарымыздың білімі және тәрбиесіне үлкен мән беру керектігін тілге тиек етті. Президент: «Біз қалаларда шоғырланбаған жастармен нақты жұмыс жүргізуіміз керек. «Жас Отан» қатарына жастар арасында сенімге ие, пайдалы қоғамдық қызметпен айналысуға дайын көшбасшыларды тарту керек», – деді. Осы ұсыныс бойынша жастардың білімі, жұмысын саралауда қай бағыттар басым екендігі туралы сөз болды.

Жаңғырулар аясында Парламенттік және партиялық жүйе өзгеріп, жаңа ұстаныммен жұмыс істеуі қажет. Әрбір халық қалаулылары халық пен билік арасында алтын көпір болуы тиіс. Өлем аренасында бірге жүретін экономикамен

саясатты бірдей реформалау бүгінгі күннің нақты және негізгі мәселесі деп білеміз.

Ел басшысы әр сөзінде еліміздің болашағы білім, ғылым, жаңа технология салаларында екенін баса айтты. Ұстаз ретінде мен өз жұмысымыздың жауапкершілігін түсініп, жұмысты күшейтіп, тәрбиеге көбірек назар аудару керек екенін түсінемін.

Мемлекет басшысының кадр біліктілігі туралы айтқан сөзін ерекше атап өткім келеді. Осы жерде Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Кадрларды әлі де біліктілігіне, жұмыс қабілетіне қарай бағалау керек» деген сөзі көңілге оңтөң қонымды болды. Қорыта айтқанда, жаңғыру аясында жақсы өзгерістер мен мықты бетбұрыстар жасалатынына сенімдіміз. Жаңа Қазақстанның жалауын барлығымыз жұдырықтай жұмылып, бірге көтерейік!

К.Түсіпханов,  
К.Байсейітова атындағы орта  
мектебінің мұғалімі.

# Жүйелі жұмыс жемісін береді

*«Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген қазақ өткенін саралап, ертеңгі күніне мақсат қояды. Жаңа жылдан жаңа үміт, өзгеріс пен өрлеу, даму мен жетістіктер күтеді. Жылдық іс-әрекетін көктем шықпай жоспарлап, соған сәйкес жеке шаруашылық, ұжымдық, ауылдық, тіптен аудандық бағыт-бағдар белгіленеді, бюджет те соған сәйкес бөлініп, қазына қаржылары тиісті қажеттіліктерді, керек-жарақты алуға бағытталады. Мұны біз қалыптасқан өмірлік, әлеуметтік-экономикалық күнкөріс заңдылығы десек, қателеспейміз. Міне, тағы бір жылды артқа тастадық. Өткен жылда атқарылған игі істер мен 2022 жылға алға қойылған мақсат-міндеттер барысы сараланып, бағасы берілер кезең келіп жетті. Президент тапсырмасына сәйкес, қазір ауыл әкімдері өз округі бойынша, аудан әкімі аудан көлемінде өткен мен кеткенді сараптап, болашаққа жасаған бағдарламалар жайын халықпен өткізіп жүрген кездесулерде ортаға салып, пікірлер алмасуда.*

Жылдағы дәстүрге сай, аудан, ауыл әкімінің 2021 жылы атқарған жұмыстарының есебін беру жиыны **АЙЫРТАС** ауылдық округінен басталды. Ауылдық клуб үйінде өткен басқосуға аудан әкімі С.Әбеуова, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, «Нұр Отан» партиясы Ақтоғай аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Т.Таукеев және тиісті



мекемелер мен дербес бөлім басшылары, ауыл тұрғындары қатысты.

Бірінші, бекітілген регламентке сәйкес Айыртас ауылдық округінің әкімі Қанат Бакиров 2021 жылдың әлеуметтік-

Келесі есеп беру кезегі **ҚУСАҚ** ауылдық округінде жалғасын тапты. Тоқсан жылдық тарихы бар



бұл елді мекен – ауданымыздағы шаруашылығымыз, әлеуметтік әлеуеті өлді, рухани-мәдени деңгейі жоғары, халқы белсенді ауыл. Ауыл әкімі Дархан Мұқатайдың

шілік танытқан. Ауыл әкімінің айтуынша, аталмыш бағдарлама шеңберінде үстіміздегі жылы 1 млн 600 тг көлемінде жастар демалыс кешенін ашу жоспарда бар. Ауыл басшысы Д.Серікұлының есепті баяндамасынан соң,



Құсақ ауылында өткен басқосу

есебін тыңдаған тұрғындар бірден қанағаттанарлық деген пікірлерін жеткізді. Ата кәсіпті нәсіп етіп отырған ауылда қазіргі күні 2534 бас ірі қара, 4817 бас қой-ешкі, 2424 бас жылқы тіркелген. Ал, төрт түлікке табиғаттан келетін төтенше дертке ұшырамас үшін ветеринариялық іс-шараларды ветпункт қызметкерлері тоқтаусыз атқарып келеді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда аудан көлемінде де ілкімді істер атқарылып келеді. Біз сөз етіп отырған Құсақ ауылы бұл істе де іркіліп қалмады. Ауылдық округ бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында 16 жеке кәсіпкер тіркелген. 2021 жылы аудан әкімінің грантын 5 жас жеңіп алып, кәсіпшен шұғылданды. «Туған жер» бағдарламасы аясында мектеп бітіргендерге 40 жыл, 30 жыл және 15 жыл толған тұлғалар мектепке теледидар мен «Отан ТВ»

қондырғысын, клуб үйіне 4 дана декоративті тал сыйлап, мешіт үйінің жөндеу жұмыстарына демеу-

– Өткен жылы округте бірқатар жұмыстар атқарылды. «Жұмыспен қамту-2020-2021 жол картасы»



Абай ауылында өткен есепті жиын

мемлекеттік бағдарламасы аясында мектеп интернатына 7 млн теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 4,7 млн теңге қаржыға заманауи үлгіде балалар ойын алаңы салынды. Үнемделген



қаражатқа 2,5 млн теңгеге шағын саябаққа қоршау орнатылды. Ауыл азаматтарының қолдауымен арнайы құрылған «Абай – алтын бесігім» қорының қаражатына ауыл мектебін сақтап қалу мақсатында көпбалалы отбасыларды көшіріп әкелуге 1 тұрғын үй сатып алынды. «Туған жер» бағдарламасы аясында бастау алған шағын саябақтың іргетасы қаланып, 40 түп қайың ағашы отырғызылды. Ауылдық округ бойынша эпизоотиялық ахуал тұрақты. СПК «АЛІАШ АГРО» мал сою пункті толықтай іске қосылды, №2 формадағы ветеринариялық анықтамамен тікелей сауда орнына жіберіліп, ауыл тұрғындарының игілігіне пайдалануда, – деді ауыл әкімі.

Әкім баяндамасына жиналған жұртшылық қанағаттанарлық деген баға берді. Алайда, өзекті мәселелер де айтылып қалған жоқ. Мәселен, ауылдық округ тұрғындары мал басының өскеніне байланысты жайылымының тарлық ететінін, ауылға сырттан көшіп келетін отбасыларға баспана қажеттігін мәселе етіп көтерді. Сондай-ақ, қатты тұрмыстық қалдықтар төгетін полигонның құжаттарының рәсімделмеуі, мектеп ғимараты шатырының, жылу жүйесінің, терезелерінің ескіруі және интернат жиназын жаңалау керектігі де айтылды. Мұнан соң аудан әкімі ауданда атқарылған жұмыстармен таныстырып, ауыл халқының талап-тілектерін тыңдады.



Айыртас ауылында өткен жиыннан көрініс

экономикалық даму бағдарламасының орындалысы және 2022 жылға алда тұрған міндеттері туралы баяндама жасады. Өткен жылы ауылдағы әкімшілік ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген. Үш көше жолы асфальтталып, балаларға арнап ойын алаңы салыныпты. Ауыл әкімінің баяндамасынан соң, сөз алған аудан әкімі С.Мірәсілқызы жыл көлемінде ауданда атқарылған жұмыстар барысына қысқаша тоқталды.

Жиын соңында ауыл тұрғындары Ә.Сарыбаев, Е.Аманқұлов көкейдегі сұрақтарын іркіп қалмады. Онда ауылдағы мектепті қайта ашу, интернет мәселесін тілге тиек етті. Кездесу барысында ауыл тұрғындарының ұсыныс-тілектері тыңдалып, тиісті жауап берілді.

Пресс-релиз

## ҚР Еңбекмині Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындады

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Еңбекмині) 2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысының халыққа көрсетілетін жұмыспен қамту шараларының тиімділігін арттыру бойынша берген тапсырмаларын орындады.

Тапсырмаларды орындау шеңберінде ағымдағы жылғы 7 ақпанда «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына және Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) өзгерістер енгізілді.

2016 жылғы бұйрыққа енгізілетін өзгерістер аясында жастарға және халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін бизнесті дамытуға арналған гранттар көлемін 400 АЕК-ке дейін (2022 жылы – 1,2 млн теңге) ұлғайту көзделген.

Гранттар беру жастар мен халықтың әлеуметтік осал

топтарын өз ісін ашу үшін бастапқы құралдармен қамтамасыз етеді. Ағымдағы жылы барлығы 20 мың адамды гранттармен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Қағидаларға енгізілген өзгерістермен жастар практикасына және «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысты жас мамандардың жалақы мөлшерін 30 АЕК-ке дейін ұлғайту, сондай-ақ жастар практикасына және «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу мерзімдерін тиісінше 12 және 18 айға дейін ұлғайту көзделді.

Бұл өзгерістер жастардың алған мамандығы бойынша жұмыс орнына сәтті бейімделуіне және бекітілуіне ықпал етеді. Ағымдағы жылы жастар практикасына кемінде 22 мың адамды жіберу, сондай-ақ «Алғашқы жұмыс орны» жобасына кемінде 3 мың жастың қатысуын ұйымдастыру жоспарлануда.

Құрметпен,

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

## МТСЗН РК исполнило поручения Главы государства

Министерство труда и социальной защиты населения РК (далее – МТСЗН) исполнило поручения Главы государства по увеличению эффективности мер занятости, оказываемых населению, данные Правительству РК на заседании Мажлиса Парламента РК 11 января 2022 года.

В рамках исполнения поручений 7 февраля т.г. внесены изменения в приказ Министра здравоохранения и социального развития РК от 14 июня 2016 года № 516 «О некоторых вопросах содействия занятости населения» и в Правила организации и финансирования мер по содействию предпринимательской инициативе (далее – Правила).

В рамках изменений в приказ от 2016 года предусматривается увеличение размера грантов на развитие бизнеса, выдаваемых молодежи и социально уязвимым слоям населения, до 400 МРП (в 2022 году – 1,2 млн тенге).

Выдача грантов обеспечит молодежь и социально уязвимые слои населения стартовыми средствами

для открытия своего дела. Всего в текущем году грантами планируется обеспечить 20 тыс. человек.

Внесенными изменениями в Правила предусматривается увеличение размера заработной платы молодым специалистам, принимающим участие в молодежной практике и проекте «Первое рабочее место», до 30 МРП, а также увеличение сроков участия в молодежной практике и проекте «Первое рабочее место» до 12 и 18 месяцев соответственно. Данные изменения окажут содействие в успешной адаптации и закреплении на рабочем месте молодежи по полученной профессии.

В текущем году на молодежную практику планируется направить не менее 22 тыс. человек, а также организовать участие в проекте «Первое рабочее место» не менее 3 тыс. молодых людей.

С уважением,  
пресс-служба

Министерства труда и социальной защиты населения РК

(Соңы. Басы 2-бетте).

Есепті кездесу **ҚАРАБҰЛАҚ** ауылдық округінде жалғасын тапты. Округ әкімі Асқар Иманғазин өткен жылы әкімдікке келіп түскен ұсыныс-пікірлердің бір парасын атап өтті.

Ауыл басшысының ақпарына



сүйенсек, жыл басынан бері 2 азамат маусымдық, 1 азамат тұрақты жұмыспен қамтылып, 4 адам қоғамдық жұмысқа тартылған.

Ауыл бойынша 88 шаруа қожалығы бар. Шаруа қожалықтарынан бөлек 6 дүкен, 1 қоғамдық тамақтандыру, 1 монша жұмыс істейді.

– Асыл тұқымды мал басын



арттыру бағытында тұқымдық түрлендіруге округ бойынша 8 шаруа қожалығы қатысып отыр. Ауыл шаруашылығын қолдау қорынан «Сыбаға» бағдарламасы бойынша «Имекең» шаруа қожалығы – 20 млн, «Құлан» бағдарламасы бойынша «Ақтоған» шаруа қожалығы 8 млн несие алып, жылқы, ірі қара малдарын сатып

алды. Ветеринария саласы бойынша жоспарлық жұмыстар 100 пайызға орындалды. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға

арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 1 адам 3 млн теңге несие алып, мал шаруашылығын дамытып отыр. Ал, «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздері курсына 3 адам оқыды. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты 2 адам алып, мал шаруашылығын

## Хабарландыру

Құрметті табиғат пайдаланушылар (операторлар)! Қарағанды облысы бойынша экология Департаменті хабарлайды.

ҚР 2021 жылғы 2 қаңтардағы ЭК 418-бабының 3-тармағына сәйкес, 2021 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген объектілердің немесе 2021 жылғы 1 шілдеге дейін өздеріне қатысты мемлекеттік экологиялық сараптаманың немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындылары берілген, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес арнайы табиғат пайдалану субъектілері болып танылған, пайдалануға берілмеген объектілердің операторлары тиісті объектілерді осы Кодекстің ережелеріне сәйкес I, II, III және IV санаттарға жатқызу мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өтініш беруге міндетті екендігін еске саламыз.

Объектілерді санаттарға жатқызу үшін өтініш беру үдерісін жеңілдету және жеделдету үшін Бірыңғай экологиялық портал әзірленді - <http://ecogov.kz>. БЭП операторы ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК болып табылады.

Бірыңғай экологиялық порталдың байланыс орталығы: тел.: 8 (7172) 24 81 74, 8 (7172) 24 83 45, 8 (7172) 24 83 48, 8 775 826 72 29.

Экология Департаментінің байланыс нөмірлері: 8 (7212) 41 09 10, 41 08 71, 41 07 54.

[https://www.instagram.com/p/CRGvRyEJmTD/?utm\\_medium=share\\_sheet](https://www.instagram.com/p/CRGvRyEJmTD/?utm_medium=share_sheet)

Бейне нұсқаулық:

1. <https://www.youtube.com/watch?v=qx9BF6kDuU>

2. <https://youtu.be/-AccQ84hT3I>

Қосымша хабарлаймыз:

IV санат берілген жағдайда объектілер экологиялық рұқсаттар алудан, экологиялық есептілікті тапсырудан және салық төлемдерінен босатылады. III санат берілген жағдайда объектілер экологиялық рұқсаттар алудан, экологиялық есептілікті тапсырудан босатылады және хабарлама сипатына ауысады.

Айыппұлдарға қатысты:

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес экологиялық заңнама талаптарын орындамағаны үшін жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға орта кәсіпкерлік субъектілеріне және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл қарастырылғанын қосымша еске саламыз.

дамытуда. Алдағы уақытта бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Балалар ойын алаңы», «Хоккей корты», «Стрит воркаут» салынатын болады. Қатты тұрмыстық қалдықтар төгетін полигонның құжаттарын рәсімдеу, қатты қалдықтар орнын тазарту. Қарасу елді мекеніне жылыжай салуға және жеке тұлғадан ұсыныс түсті. Қазіргі таңда құжаттары рәсімделуде. Қарасу елді мекеніне көшелерді жарықтандыру, интернет, сауда дүкенін, балалар алаңын салу, өзен өткелін қалпына келтіру биылғы жылы жоспарда бар, – деген ауыл әкімі А.Иманғазин тұрғындар жағдайын алға тартты.

Есепті кездесуден соң, аудан әкімі С.Әбеуова тұрғындардың жеке талап-тілектері мен өтініштерін арнайы қабылдауда тыңдап, заң шеңберінде көмек жасайтынын жеткізді.

Есепті кездесулердің тағы бір ерекшелігі, бұл жолы халықтың өткен жылғы айтқан ұсыныстары мен шағымдарына байланысты жыл көлемінде соған сай атқарылған жұмыстар да баяндалды.

Думан ҚАБЫЛ,  
Айыртас-Қусақ-Абай-Қарабұлақ.

## «Олимпиадалық дипломатия» немесе Президент Қ.Тоқаев

### Қытай еліне қалай барып қайтты

(Соңы. Басы 1-бетте).

күзет қызметімен бірлесе отырып, сапардың барлық хаттамалық мәселесін толығымен шеше алды. Біздің делегацияға қытайлық ұйымдастырушылар тарапынан ерекше қонақжайлық көрсетілді.

Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты «Құс ұясы» деп аталатын ұлттық стадионда өтті. Бейжің – қысқы және жазғы Олимпиада ойындарын өткізген жалғыз қала. Дәл осы стадионда 2008 жылдың тамыз айында жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өткен болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев VIP қонақтарға арналған мінберден қазақстандық олимпиадашыларға қол бұлап, қолдау көрсетті. Президенттің жеке фотографы түсірген суреттердің бірінен спортшыларымыз шыққан сәтте Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен оның делегациясы біздің Мемлекет басшысына ерекше құрметпен қарағанын көруге болады. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те ілтипат білдірді.

Бұл басқа командалармен салыстырғанда біздің ұлттық құрамадағы спортшылардың әлдеқайда көп болуына байланысты болса керек.



Біздің олимпиадашылар елімізге медальдермен оралады деп сенеміз. Келесі күні, яғни 5 ақпанда Халық жиналысы үйінде Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Бұл – мемлекеттер басшыларының үшінші бетпе-бет кездесуі. Бұған дейін олар 2019 жылы қыркүйекте Бейжіңде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары кезінде кездескен еді. Сонымен бірге осы уақыт ішінде мемлекеттер басшылары заманауи байланыс құралдары арқылы тұрақты хабарласып отырды. Бұл өзара ықпалдастықты жалғастыруға және нығайтуға мүмкіндік берді.

Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа ерекше ілтипат білдіре отырып, құрметпен қарсы алды. Бұны екі елдің көшбасшылары арасындағы келіссөздің мазмұнынан да, одан кейін бірге суретке түсіп, аудармашысыз сөйлесіп тұрғандарынан да байқауға болады. Мемлекеттер басшылары екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығаратын нәтижелі келіссөз жүргізді. Қытай Төрағасы атап өткендей, бұл кездесу мемлекеттер арасындағы алдағы 30 жылдағы алтын дәуіріне жол ашты. Достық әрі өзара түсіністікке негізделген кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпинді елімізге мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қытай басшысы осы жылдың қыркүйек айында қазақ халқының қонақжайлығына куә болады деген үміттемін.

Қазақстан Президентінің жұмыс сапары ҚХР Төрағасының Олимпиаданың ашылу салтанатына келген делегациялар басшыларына арналған ресми қабылдауымен аяқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы қабылдау барысында БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, ДДСҰ Бас директорымен, сондай-ақ Польша, Сингапур, Қатар, Пәкістан және Орталық Азия елдерінің басшыларымен әңгімелесті. Олар Мемлекет басшысының «қасіретті қаңтар» кезінде жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған шешімдеріне қолдау білдірді.

Қабылдау аяқталған соң Қасым-Жомарт Тоқаев әуежайға бет алып, Қазақстанға ұшып кетті. 5 сағаттық жолда Президент Бейжің сапарынан алған әсерімен бөлісті. Мемлекет басшысы биылғы алғашқы шетелге жасалған сапарына көңілі толатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың қытай тілін жетік меңгерген әлемдегі санаулы көшбасшылардың бірі екені жалпыға мәлім. Кезінде Президент осы елде оқып, жұмыс істеген. Қытайдың мыңжылдық бай тарихы мен мәдениетін зерттеген. Мемлекет басшысының CCTV телеарнасына 2019 жылы берген сұхбатынан кейін журналистке естелік жазба қалдырғаны Қытай халқының әлі күнге дейін есінде екеніне сенімдімін.

Си Цзиньпин Бүкілқытайлық халық жиналысының зәулім ғимаратында өткен келіссөздердің басында Қасым-Жомарт Тоқаевты «қытай халқының досы» деп атады.

Президент бүгінде Қытайды дамудың барлық көрсеткіштері бойынша әлемдік көшбасшылар тобына лайықты түрде қосылды деп есептейді. Қытай экономикасының әлемде екінші орында тұрғаны ешкімге күпия емес, сарапшылардың болжамы бойынша 10 жылдан кейін бірінші орынға шығуға тиіс. Қытай сияқты елмен көрші болу мемлекетіміз үшін артықшылық деп ойлаймын. Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекарасының ұзындығы – 1782 шақырым. Бірқатар мемлекет Бейжің Олимпиадасына бойкот жариялап жатқан кезде достас елді қолдау және оның ашылу рәсіміне қатыспау дұрыс болмас еді. Президент оң шешім қабылдады.

**Берік Уәли,**

**Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы.**



Дәуітәлі Стамбеков – қазіргі қазақ поэзиясына өзіндік ой өрнегін, нәзік лиризмін ала келген дарынды ақындардың бірі. Әр жылдары жалғаса жарық көріп, оқырман жүрегіне төте жол тартқан «Нұрлы әлем», «Бір тамшы ғұмыр», «Қызыл бидай», «Жұмағым мен тамұғым» атты кітаптары оқырман жүрегінен орын тапты.

## Дәуітәлінің жыр әлемі



Д.Стамбеков (1947-1999 ж.ж.) Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында туған. Таяуда ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жерлесіміз Дәуітәлі Стамбековтың туғанына 75 жыл толуына орай Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің жанындағы интернат оқушыларымен ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан оқушылар арасында білім сайысы өтті. Іс-шара мақсаты – жастарды ақынның өлеңдерін оқу арқылы

адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру. Ұлысын ұлықтаған тағлымды шараның өтуіне Ақтоғай аудандық балалар кітапханасы ұйытқы болды.

Шара барысында тәрбиеші Айнұр Кәукербектің жетекшілігімен Ермабыл Гүлім, Нығжан Жалғас, Хабиболла Ақнұр, Ұзақбай Аңсағандар ақынның «Бір тамшы ғұмыр» кітабынан «Өткенге саяхат», «Қобыланды», «Ақтоғай туралы аңыз», «Бір тамшы ғұмыр» өлеңдерін дауыстап оқып берді. Шара соңында іс-шараға арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесіне шолу жасалып, Дәуітәлі

Стамбековтың кітаптары насихатталды.

Кітапханамызда жерлес ақын-жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылық еңбектеріне арналған мәдени іс-шаралар жиі өтіп тұрады. Бұл жолғы ақынның туған күні қарсаңында өткен шара мектеп оқушыларының атсалысуымен ерекшеленіп түсті.

**Л.Ақжолтаева,**

**Ақтоғай аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.**

### Тіл тағдыры – ұлт ғұмыры

## Тілі бірдің – діні бір

Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде қазақ тілі туралы көп жазбалар көзге түсіп жатады. Қарап отырсақ, шынымен де, кей сөздердің жаны бар ма деп қаласыз. Мысал үшін, «Бес орыс отырған жерде, жүз қазақ отырса орысша сөйлейді» немесе «Тек қазақтар ғана қазақ тілін сөздік қорында сақтап, өздері орыс тілінде сөйлейді» деген сияқты ащы да болса шындыққа тура келетін ерекше сөздер кейде жанына оттай тиесі.

Иә, бұл біздің тілімізге деген құрметсіздігіміз немесе өз тілімізді сүймегендігімізден емес, тек қана өз тілімізге деген шынайы адалдық пен махаббаттың жетіспеушілігі, тұла бойымызда ұлттық мәдениетіміз бен тілімізге деген рухани байлықтың аздығының дәлелі. Сол себепті де қазіргі таңда әр бала мен жасөспірімдердің бойына ұлттың, еліне, тіліне деген махаббат сезімін оятып, тілге деген мөлдір сезімін қалыптастыра білуіміз керек. Өз тіліміздің мәртебесін арттыра отырып, біздің де тіліміздің өзге тілдер сияқты ерекше орында екенін түсіндіре білу – ең бірінші тұрған мәселе.

Көбінесе жастар қауымы өз тілін бұрмалауға жақын келеді. Әрине, көпке топырақ пашудан аулақпын, бірақ, мұндай адамдар баршылық. Мұны қалада жүрген кезде аңғаруға болады. Қарап отырсақ, қоғамдық көліктерде, адам көп жиналған жерлерде, ойын-сауық орындарында біз ең бірінші өз тілімізге әділетсіздік танытып жатамыз. Бойымызды жалған намысшылдық билеп, ойымызда сан-алуан ойлар қалыптасады. Ең бірінші ойлайтынмыз: «Мен қазір орысша жауап бермесем, мені орысша білмейтін «ауылбай», ұят-ай, – деп айта ма» деген ойлардан өз-өзімізден іштей қатты қысылып, орыс тілінде сөйлеп кетеміз. Мұндай жайт бәріміздің басымызда баршылық. Шындыққа келер болсақ, бұл нағыз жалған намысшылдықтың айқын дәлелі. Біз өз елімізде тұрып, ата-бабамыздан дарыған ана тілімізде сөйлеуге ұяламыз. Өз тілімізді

осындай жалған намысшылдықпен жайлап өшіріп жатқанымызды да аңғармаймыз. Өзіміз осындай орны толмас қателіктерге жол бере отырып, өзара өз тілінде сөйлейтін, тұтынушыларына шамасы келгенше қазақ немесе орыс тілінде түсіндіруге тырысатын, көшедегі саудагер өзге ұлт өкілдеріне күлеміз. Айтатынымыз: «Қарашы, қазақ тілінде сөйлей алмайды немесе орыс тілінде қызық сөйлейді екен» деген сияқты сөздер. Ал, өзіміз болсақ, біз де дәл солар сияқты сырт көзге күлкілі көрінетініміз жайлы сәл болса да ойланатын, бұл жайтты ой елегінен өткізбейміз де. Олар ешқашан бір-бірімен біздің немесе орыс тілінде сөйлемейді, тек қана өз тілінде сөйлейді және олар өз елінде жүрмесе де, өздерінің тіліне біз сияқты қиянат жасамайды. Біз болсақ, қазақ елінде өмір сүре отырып, өз тілімізде сөйлеуге де ұяламыз.

Осыған байланысты бізге әлі де ұлттық тәрбие, рухани байлық, Отанға, елге деген адал да шынайы махаббат сынды сезімдердің жетіспейтіндігін анық көруге болады. Әр саналы ұрпақ өз тілін құрметтей де құрметтете де білуі керек. Ал, бұл үшін ең бірінші өзі үлгі болуы тиіс екенін естен шығармаған жөн. Өз ойымды Бауыржан Момышұлының сөздерімен түйіндегім келеді. «Тілсізді айуан дейді, тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды». «Ана тілінен бірнеше жағдайлар болып, ажыраған ел «азғын» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кетеді». Иә, ұлттың намысын ұлықтаған Бауыржан Момышұлының бұл сөздерінде қаншама мән, айтылмаған бірнеше ой жатыр. Бұл шағын ғана мақалада оқырманға ой тастағым келеді... «Өзге тілді ұлықтамай, өз тілімізбен өмір сүрейік!».

**Г.Амантай,**

**Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бағдарламашысы.**

Қазақстан-2050: білім стандарты

# Жаңа технология – сапалы білім негізі

Қоғамда болып жатқан жедел де қарқынды өзгерістер білім беруге қойылатын талаптарды жаңа бағытта түбегейлі өзгертуде. Әлемдік білім беру кеңістігінде жеке тұлға мен қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім беру қалыптасуда. Қазіргі білім концепциясының басты мақсаты – өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, күнделікті бәсекеге қабілетті және шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, болып жатқан өзгерістерге қатысып, оны жақсартуға ықылас етіп, белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой-өрісі кең, сауатты, танымдық өрекетке қызығуы мол оқушы тәрбиелеу.



Бұл үрдіс, ең алдымен, жаңа мазмұнмен және уақыт талабына сәйкестікте толықтырылған білім беруді ұйымдастырумен байланысты. Елімізде білім беру мазмұны стандарттары мен сабақтан тыс қызмет бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту және нығайту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Материалдық база дегеніміз – бұл білім беру ұйымдарындағы оқыту мен тәрбие беру деңгейін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Ол мектеп кабинеттерінің жабдықталуын, олардың нормативтерге сәйкестігін бағалауды көздейді. Әр типке қатысты оқу сыныптарының, бөлмелердің, оқу-өндірістік шеберханалардың нормалары мен ережелері, сонымен олардағы гигиеналық жағдайларға қатысты талаптар енген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер сақталуы тиіс.

Аудан орталығындағы Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінде, С.Ибраев атындағы негізгі орта мектебінде, К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің технология кабинеті қыз балалар және ұл балалар үшін қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жаңа оқу жылында ерекше жабдықталған кабинетке жаңа жиһаздармен қоса сапалы LEGEND 2520 тігін машиналары, 1 оверлок «JANOME тігін «DAPINA» қысқа толқынды пеш, холодильник, «Зығыр», «Түкті мата», «Қалың мата мен жібек мата» демонстрациялық үлгілер, маникен, «Синтетикалық және жасанды талшықтардан жасалған маталарды өндіру кестелері» сатып алынды. Ас бөлмеге қажетті ыдыс-аяқтар, жабдықтар, жаңа жиһаздар алынды. Сынып бұрыштарына технология кабинетінің қауіпсіздік ережелері жазылған стенділер мен санитарлық бұрышқа арналған жабдықтар келді.

Аудандық білім бөлімінің қолдауымен жаңа технология кабинетінің жабдықталуы сапалы білім алуға жасалған зор мүмкіндік екені сөзсіз. Пән мұғалімдері ұлттық қолөнеріміз бен сәнді киім тігуді үйретіп қана қоймай, қыз балаларға ас мәзірін дайындау, әртүрлі тамақ дайындап үйренуге де мүмкіндік жасалғанына ерекше қуанышты.

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім». Қорыта айтқанда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауының басты бағытының бірі – осы білім саласы. Рухани-мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді.

**Қ.Қабдықаримова,**  
ауданның білім бөлімінің әдіскері.

Таяуда Қазыбек Нұржанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде «Математика айналамызда» және «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры» атты оқу сауаттылық апталығы өтті. Мақсаты – оқушылар мен мұғалімдер арасында байланыс орнату және кәсіби шеберліктерін арттыру, оқу-

Г.Отынчиева.

Апталық соны математика пәнінің мұғалімі Г.Отынчиеваның ұйымдастыруымен 5-8 сыныптар аралығында «Математика және біз» атты тапқырлар сайысымен өз жалғасын тапты. Апталық қорытындысында белсене қатысқан оқушылар мадақтамалармен марапатталды.



қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Сейтжаппаров. 10-11 сыныптар аралығында «Сөз – зерде» атты зияткерлік

## «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры»

шылардың математика және гуманитарлық, яғни, қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру, жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту. Апталықтар барысында қызықты іс-шаралар мен танымдық ойындар ұйымдастырылды.

«Математика айналамызда» атты математикалық сауаттылық апталығында 5-10 сыныптар аралығында «Қызықты математика» қабырға газеті шығарылып, мектеп дәлізіне ілінді. Әр сыныптағы қабырға газеті оқушылардың өз шеберліктерімен шығарылған. Сонымен қатар, бастауыш сыныптар арасында «Мен математикамен доспын» атты

«XXI ғасыр сауатты ұрпағы» оқу сауаттылық апталығы да жоғары деңгейде өтті. Жоспарланған іс-шаралар бойынша алдымен сыныптар аралығында саптық жиында апталықтың жоспарымен таныстырылды.

5-7 сыныптар аралығында «1001 мақал, 101 жұмбақ» атты сайысы ұйымдастырылды. Сайыста оқушылар өздері білмейтін мақал-мәтелдер мен жұмбақтармен

сайыс өтті. Сайыстың мақсаты – қазақ сөз өнерінің қасиетін ұрпақ санасында жаңғыртып, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды еске алып, қазақ тілінің қолданылу аясын



математикалық ребустар, сөзжұмбақтар сайысы болды. Оқушылар өз логикаларын қосып, қызықты ребустар мен сөзжұмбақтар жасаған. Әр сынып өз деңгейлерінде түрлі математика ұғымына қатысты терминдерді қолдана отырып, әдемілеп безендірген. Сондай-ақ, орта буын оқушыларына «Математикасыз өткен бір күн» атты эссе жазу тапсырылды. 5-7 сыныптар аралығында «Математикалық регата» танымдық ойыны өтті.

Ойынның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қасиеттерін шыңдап қана қоймай, оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру. Бұл танымдық ойында 6-сынып оқушылары жеңіске жетті. Бұл сайысты өткізген математика пәнінің мұғалімі А.Кұлмағанбетова. Ал, 8-10 сыныптар арасында өткен «Математикалық квест» сайының жеңімпазы ретінде 9-сынып оқушылары танылды. Бұл ойынды ұйымдастырушы математика пәнінің мұғалімі

танысты. Танымдық ойын бірнеше кезеңнен тұрды, әр кезеңде түрлі қызықты тапсырмалар берілді. Бұл сайыста жеңіс тұғырына 7-сынып оқушылары көтерілді. Ұйымдастырушы ұстаздар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Г.Әбілова, А.Райымбекова. 8-9 сынып оқушыларына «Кітаппен серуен» атты квест-ойыны өткізілді. Ойын 5 бекеттен тұрды. Квест ойынының мақсаты – оқушыларды кітап оқуға шақыру және қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру. Сайыстың жеңімпазы болып 8-сынып оқушылары танылды. Сайысты ұйымдастырған

кеңейтуге тәрбиелеу. Зияткерлік сайыс 3 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде зерделі сөздердің, яғни, көнерген сөздердің мағынасын ашып, келешекте оны біліп жүруге негізделген. Бұл сайттың жеңімпазы ретінде 11-сынып оқушылары танылды. Ұйым-

дастырушы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Сейтжаппаров.

Апталық бойынша атқарылған жұмыстар қорытындыланып, апталық барысында белсене қатысқан оқушылар алғыс хат, мадақтамалармен марапатталды. Апталық барысында өткен іс-шаралар оқушылардың таным-түсініктеріне, функционалдық сауаттылықтарына, жылдам ойлап, тез шешім қабылдай білетін білімді тұлға болып қалыптасуына септігін тигізе білді.

**А.Шардарбекова,**  
**Қ.Нұржанов атындағы**  
**Тірек мектебінің 9-сынып**  
**оқушысы.**

**Ақтоғай, Балқаш өңіріндегі ашаршылық пен қуғын-сүргін, нәубет зардаптары туралы деректі зерттеу мен ел аузында сақталған естеліктер.**

Қазақстанның әлсіз демографиясы оның алып географиясына сай еместігі ежелден көршілес елдердің назарын аударып, қызғаныш тудырып отырғаны белгілі. Осынау кең байтақ елде небәрі 19 миллион адам тұрады деген дерек шықты. Ата-бабаларымыз мұраға қалдырған жер асты-үсті байлығы, табиғаты сұлу, байтақ елдің иесі қазақ ұлтының саны неге аз деген сұрақ мазалайды. Оны түсіну үшін қазақтың тұңғыш демографы Мақаш Тәгімовтың ғылыми-зерттеулеріне көз салған жөн. Қысқаша соңғы 530 жылғы шыпырман оқиғаларға толы тарихи кезеңдерде қазақ халқы өз жерінде тұрып

аты шулы «58-статья» қабылданғаны жарияланды. Нағыз қанды сойқан осы заңмен жүзеге асты.

Оған ілесе 1928 жылы 27 тамызда қазақ байлардың дүние-мүлкін тәркілеу туралы Декретті жүзеге асыру үшін тұтқындау, айдау 1928 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқтау жоспарланған еді. Қазақ халқының жантүршігерлік демографиялық апаты 1928 жылы үлкен дүрбелең ірі байларды тәркілеуден басталды. Тіпті 1930 жылы 28 тамызда байларды жер аударудың картасы бекітілді. Осы карта бойынша Қарқаралы округінен тұтқындалған байлар Қостанай округіне, Ақтөбеден Қарқаралыға аударылды. Қазақ үшін аштықтан, қуғын-сүргіннен, соғыстан кіндік жұртынан айырылу ең ауыр жаза екенін Кеңес үкіметі білді. Осы заңдар қазақ елін жұтатты. Солтүстік Балқаш бойын жайлаған Дадан Тобықты елінің жаймашуақ өмір сүріп, төскейде төрт түлігі өрген заманы 1928

обвинение по ст. 58-2, 58-10, на основании решения Тройки при ОГПУ в Казахстане от 22.09.1930 г. приговорен к расстрелу с конфискацией имущества». Тұтқындардың бәріне ортақ жаза осы.

1998 жылы 8 мамыр күні Алматыдағы НКВД архивінде «секретно» деген белгісі бар құжаттармен таныстым. Осы көтерілісті күшпен басып, қатысушыларын тұтқындаған. 50 шақты адамдардың іс-қағаздары бірнеше қалың кітап болып тігіліп, Оразбектің Жұмабегінің атына жазылған.

Көтерілісшілерді НКВД жендеттері 1930 жылдың 12 наурызында тұтқындап, 22/IX.1930 жылы Қарқаралы ерекше лагерінің түрмесінде «Халық жауы» деп, бір жаза «58»-бен, бір күнде атып, мүрдделерін арқаларына тас байлап, Үлкен көлге батырған. Сондықтан, 22/03-1930 ж. Ақтоғай елінің тарихындағы игі жақсыларынан айырылған қаралы күн.



баспана емес, киіз үй қазақтың ұлттық колонерінің үлгісі, жоғары мәдениетінің мұрасы. Нелер бай киіз үйлердің отқа жанғанын көргендер Дәкен Көлжанова, Ақыл Ғалиева, Азамбай Тілеуғабылов, т.б. ардагерлердің естеліктері куә. Мына деректер ашаршылық пен қуғын-сүргін саясатының куәгері: 1930 ж. Қарамұрында тәжірибе алаңында 30 инженер-техниктер, маман жұмыскерлер тұрды.

# Ашаршылық пен қуғын-сүргін нәубеті

ғаламат адам шығындарын бастан өткізді.

Аты шулы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» (1723-1728 ж.ж.) бастау алған халық қасіреті Ресей патшалығы, Кеңес үкіметі тұсында жалғасын тауып, қазақтарды ойсырата қырып салған деректер енді ашылууда. 1690 ж. қазақ елінің Ресей шеңгеліне алғашқы ілінуі. 200 мың әскери қазақтарды өктемдікпен қазақ жеріне қоныстандырды. 1690-1990 жылдарда, 300 жыл ішінде қазақ ұлты нелер тарихи ауыр кезеңдерден өтті. Әсіресе, 1921, 1931-33 жылдардағы аштық нәубеті қазақтарды миллиондап жұтып кеткені енді дәлелденуде. Халқымызды ыдыратып, аздырып-тоздырудың, атып-асудың, соттап-айдаудың, ашаршылыққа ұшыратудың салдарынан, тек 1931-33 жылдардағы ашаршылықтан 10 миллионға тақау қазақтардың 80 пайызы құрбан болды. 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрығына ілінген ұлтымыздың 25000 зиялыларын атып тастады. Халықты басыз қалдырып, құлдықта ұстаудың, жерінен айырудың күйтырқы саясатының бұл қысқа ғана дәлелі. Мына деректерге қарасақ, қазақ елінің қай бұрышында болмасын жүзеге асырылған жазалаудың кереметін байқауға болады.

Мәселен, саяси қуғын-сүргіннің айыптарының төрт кезені: 1929-30 ж. – «Халық жаулары», 1930-33 ж. – «Халық жаулары», 1937-38 ж. – «бай, кулактар тұқымы», 1946-1953 – «космополиттер». Космополит – өз ұлтын менсінбей, тілін, салтын сақтамайтын шетелдерге қарай көзқарас. Осылай айыпталып, елден қуылған М.Әуезов, Қ.Сәтбаевты космополиттер деуге бола ма?

Сондай-ақ, Кеңес үкіметі орнаған соң, халықтың берекесін алып, алдымен байларды, атқамінерлерді жазалау, жерінен, мүлкінен айыру басталды. 1925 жылы Ф.Голощекин келіп, «Кіші Октябрь революциясын» бастауы «аша тұяқ қалмасын» саясатымен қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеумен қатал жүргізілді. 1927 ж. 15-23 қарашадағы Бүкілқазақстандық VI партия конференциясында байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы қаулы шықты. Бұл халықтың наразылығын тудырып, әр жерде бас көтерулер болды. Солтүстік Балқаш өңірі бұл жазалаудан шет қалған жоқ.

1928 жылы 6 маусымда РСФСР бойынша

жылдың соңында тас-талқан күйге түсті. Тәркілеуге алдымен мыңды айдаған, елін асырап отырған байлар Құбылтайдың Ахметі, Қанқожаның Игілігі, Оразбектің Жұмабегі ілікті. Үйір-үйір жылқылар, отар-отар қой-ешкі, ірі қара мен түйелер жер қайысқан малды тартып алып, Спасскіге айдаған. Мұны көзі көрген қарттар жаппай жылаған елдің зары мен күйзелісін айтып берген еді. Сол малды айдағандардың айтуынша, жолшыбай зорыққан мал ит-құсқа қалған, Спасскіден Мәскеуге жеткізе алмаған малдың етін тау-тау ғып өртеген. Сонда қазақтар ашаршылыққа ұрынып, қасірет шеккенін ешкім керек қылмаған екен. Тоқырауын бойын жайлаған елдің зиялы азаматтары бұл саясатқа қарсылық көрсетіп, 1929 жылы көктемнен «Уық көтерілісі» атанған бас көтеруге шыққан. Дуанши мекенін басып алып, қоймадағы астықты ауыл жұртына үлестіріп беріп, күрестерін жалғастырған. Бұл бас көтеруді ұйымдастырғандар Мандар Садуақас қажы Шаймерденұлы (Академик Қайдар Арыстанбековтің атасы), Ахметжан Сармантайұлы, Смаилдың Жақыпбегі, Ақан, Алтын деген азаматтар. Қарулары жетпеген соң, арқаларына уық байлап алған ғой, оны Шатырша тауына орналасқан жендеттер дүрбімен көріп, оқ жаудырған. «Уық көтерілісі» атанған қыр қазақтарының ерлігі ел есінде. Олар аштықтың алдын алу үшін құрбан болды.

Қазіргі ұрпақ «ашаршылық», «зобалаң», «қуғын-сүргін», «халық жауы», «репрессия», «депортация», «переселенцы», «карательная мера», «ГУЛАГ», «Карлаг», «АЛЖИР» деген сөздерді күнделікті естімей, түсінбей, бейжай қарайды. Бұл халық қасірет шеккен заманның белгілері екенін тарихты оқып барып біледі. Бір ғана НКВД құжаты осы жайдың бетін ашады.

«ЗАКЛЮЧЕНИЕ в отношении Сармантаева Ахметжана по материалам уголовного дела (арх. №7912). «Сармантаев Ахметжан 1849 года рождения, аул №2 Каркаралинского округа, грамотный, женат, 4 детей, б/п, скотоводиндивидуальщик, при царе был 17 лет бийем-судьей, при Колчаке 4 месяца волост. старшиной, в 20-21 годы председателем ВИКа, не судим, инициатор восстания в аул №2, бай имеет 1 лошадь, 1 верблюд, 15 баранов, дом, юрту.

Арестован 12.03.30., предъявлено

Бүкіл байлығынан айырылып, құралақан қалған дала қазақтары аштықтан нәпақа іздеп, Балқаш көлі жағалауында құрылысқа жаяу-жалпы ағылады. Қанша адам шөл далада жете алмай, ит-құсқа жем болғанын ешкім есептеген жоқ. Бірақ, азып-тозып келген қазақтарды құшақ жая қарсы алған адам да, үкімет те жоқ. Қоңырат кенішін зерттеуші М.П.Русаков бастаған геологтарға құдықтан ауыз су тасып, отынға баялыш, сексеуіл шауып, темір келіге тастарды қолмен түйіп уатып, тәжірибе алаңына жібереді, одан мысты бөліп алу әдісін іздеуші инженерлер жұмыс істейді. Өлместің күнін кешкен аш-арықтардың жайын М.Русаков: «Зима 1929-30 годов самая кошмарная страница истории Прибалхашстроя» – деп жазады. Киіз үйлерін арқалап жеткізгендердің іші-сырты қазақтарға толы болды. Балқаш құрылысына келген қазақтардың жайы адам төзгісіз болған.

Жан-жақтан ағылған қазақтар көл жағасына 1000 киіз үй тіккен. 1930-33 жылдар ішінде киіз үйлердің іші-сыртын паналаған қазақтар мыңдап жиналып, аштыққа ұрынған. Себебі, арнайы азық-түлік тек жұмыс істейтін инженер-техниктер, маман жұмыскерлерге ғана берілген. Қалың қазақтар есепке алынбаған, олар үшін үкімет азық-түлікті қарастырмаған. Малмен ғана шұғылданған дала қазақтары көлден балық аулаудың әдісін де білмеген. Әрі көлдегі ең көп, ұстауға оңай түсетін қара балықтың – маринканың тамағының астындағы у шығаратын сүйекті алып тастауды білмей уланған. Асханадан шығарылған балық қалдықтарына таласып, сүйектеріне қақалып өлген жайлар көп болған. Қазақтар көкөніс егуді игермеген. Қолда не мал, не астығы, баспанасы жоқ қазақтардың басқа баратын жері жоқ.

Көл суы ащы, түрлі жұқпалы аурулардан да шейт болды. М.Тәгімовтың есебі бойынша Балқаш құрылысында болжаммен 49 мың қазақтар ашаршылық құрбандары болды. Бірде-бір орыс, өзге ұлт өкілдері Балқаш құрылысында аштан өлмеген екен. Қылмыстың артында із қалдырмайтын саясат болғаны белгілі. Қаптап келген қазақтарды тоқтату үшін 900 киіз үйді «антисанитария» деген бұйрықпен белсенділер өртеп жіберген. Оны куәгерлері ғана айтып берген. Ол тек

Олар жеке басты, отбасын әкелмеген. 1931 ж. Қоңыратта – 157 адам. Балқаш құрылысында 1931 ж. – 1150 адам, 1932 ж. – 6852 адам. Жұмыс істейтіндерге берілетін поек – 800 гр. нан, 400 гр ет не балық. Мыңдаған қазақтарға ешқандай азық-түлік бөлінбеген. Архивте тек жұмысқа тіркелгендердің саны сақталған. 1933 жылы қанша адам тұрғаны туралы дерек жоқ. Аштықтан қырылғандарды айырмен арбаға тиіп, сайға тастап, әк күйіп өртеген. Сондықтан, кінәсіз құрбандарға Қарамұрында белгі қойып, рухына құран бағышталатын салт қалыптасуда. Бұл істің басында демограф М.Тәгімов тұрды, 2014 жылы 4 қазанда өзі келіп, ескерткіш белгіні ашқан еді. Тағы бір кереметі, архивте 1937-38 жылдардағы тұрғындардың саны көрсетілген құжат жоқ. Бұл жылдары Балқаштың іргесін көтерген барлық басшылар, инженерлер, қала басшылары, әр ұлттың өкілдері тегіс атылған болатын.

Аштықтан тірі қалғандар сәулетті Балқаш қаласын, сол кездегі ірі өндіріс орны Балқаш мыс комбинатын салып, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Олар қаланың көпқабатты үйлері мен мыс алыбының цехтарының іргесін күрек пен қайланың, білектің күшімен қазып, қолдан тұрғызығанын балқаштықтар ұмытпайды. Кеңес үкіметінің қазақ еліне орнатқан геноцид-ашаршылық, қуғын-сүргін саясаты мақсатын зеректікпен сезген дауылпаз күйші, Қотанбұлақ болысының соңғы биі Ахметжан Сармантайұлы қазақтың қара домбырасының үнімен халық қасіретін ашық атап, «58-статья» деп күй шығарды. КСРО көлемінде бірде-бір сазгер, ақын халық кешкен зұлмат пен зобалаңның атын атап, музыка, ән шығарған жоқ. Сонысымен Ахметжан-шоқтығы биік қаарман күйші.

Бұл күй – моласы белгісіз, есімдері атаусыз қалған кінәсіз мыңдаған қазақтарды жойған ұлттық апат, ашаршылық геноцид пен саясат құрбандарының рухына ескерткіш.

**Күләш Сардарбек, өлкетанушы, ҚР Журналистер Одағы мүшесі, ҚР ММ «Мәдениет саласы үздігі» төсбелгісі иегері, Қарағанды облысының озат музей қызметкері.**

*Деректерді жинастырған Тұңғышбай Мұқан, өлкетанушы.* (Жалғасы бар).

Дін – бірліктің діңгегі

Қазіргі жағдайда қоғамдамуының тұрақсыздандырушы факторларының бірі пиғылы ала бөтен жат ағымдар. Азаматтың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін деструктивті ағымдар адамға рухани, психикалық немесе дене денсаулығын әлсіретуге немесе бұзуға бағытталған идеяларды уағыздайды. Зорлық-зомбылыққа, дінаралық және ұлтаралық алауыздықты қоздыруға шақырады. Деструктивті діни идеологияның таралуы азаматтық борышты, отбасылық міндеттерді, қоғамдық тәртіп нормаларын, адамгершілік пен имандылықты орындаудан бас тартуға итермелейді.

Біз рухани мұраттарымызға жат мінез-құлық нормаларының, қаралып отырған ортадағы моральдық және адамгершілік бағдарлардың – ашкөздіктің, немқұрайдылықтың, қатыгездіктің кеңінен таралуының куәсі болып отырмыз. Адамның физикалық және

түсінуіне қол жеткізу қажет. Әрине, деструктивті күштердің жастардың жас ерекшеліктерін пайдалануын болдырмау үшін жастар проблемаларын шешу, жас ұрпақ арасында қылмыстың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу және жолын кесу бойынша пәрменді шаралар қабылдау қажет.

Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше құралдарымен қаруланып, халқымыздың белгілі бір топтарының санасына деструктивті әсер ете алды деп айтуға болады. Мысалы, «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азия можахидтерінің жамағаты», «Джунд әл-Халифат», «Таблиғи жамағат» сияқты экстремистік және террористік ұйымдардың негізінен жастар өкілдерінен тұратындығы бізді алаңдатады. Қазіргі кезеңде мемлекет сапалы білімге қол жеткізу, тәрбиелеу, жастардың денсаулығын сақтау және жұмысқа орналастыру, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру үшін жағдай жасау

# Теріс ағымға түспеу үшін не істеу керек?

психикалық денсаулығына айтарлықтай зиян келуі мүмкін. Нәтижесінде әртүрлі аурулар дамиды, адамның моральдық келбеті, дәстүрлі құндылықтар мен мұраттар жойылады.

Деструктивті жалған діни культтер мен ұйымдар діни қызметпен, сондай-ақ білім беру және мәдени бастамалармен жабылады. Олар дәстүрлі дінділікке қарсы әрекет етеді және жеке тұлғаның табиғи, үйлесімді жағдайына, сондай-ақ жасампаз қоғамдық дәстүрлер мен нормаларға, қалыптасқан әлеуметтік құрылымдарға, мәдениетке қатысты. Діни деструктивті ағымдар идеологиясының негізі – экстремизм, ол қоғам көзқарасы тұрғысынан жекелеген әлеуметтік топтар – таптардың, этникалық топтардың, қозғалыстардың, бірлестіктердің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған экстремалды көзқарастар мен әрекеттер жүйесін білдіреді. Экстремизмнің тән белгісі – күрестің негізгі әдісі ретінде зорлық-зомбылықты әртүрлі нысандарда зансыз пайдалану. Әдетте, экстремизмнің өсуіне әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, халықтың негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі және басқалар ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, терроризмнің негізгі себептері – сауатсыздық, білім беру және оқыту жүйесінің жетілмегендігі, өмірлік перспективалардың болмауы, халықтың иеліктен кетуі, әлеуметтік теңсіздіктің шиеленісуі, отбасылық және әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі, тәрбиенің кемшіліктері, көпшіліктің теріс салдары, мәдени ерекшеліктің бұзылуы, бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылықтың өсуіне әкелетін идеялар мен көзқарастардың таралуы.

Экстремизм қатерлі ісік секілді, егер алдын алмаса, уақыт өте келе ол өсіп, терең тамыр алады, сондықтан халықтың діни сауаттылығы өте маңызды. Ал діни сауаттылық – оқыту, ағарту және әдебиет арқылы білім алу. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев қара сөзінде: «Адам – өз заманының баласы. Егер ол жаман болса, оның замандастары да кінәлі», – деп айтқан болатын. Деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу бойынша алдын алу жұмыстарының негізгі міндеттерінің бірі – қоғамда толерантты дүниетаным негіздерін қалыптастыру болып табылады. Түрлі экстремистік ағымдардың ықпалына түспес үшін адамдармен жұмыс істеудің ең тиімді әдісі – бұл халық арасында сауатты және салмақты ақпараттық-түсіндіру саясаты. Әрине, бұл бағытта этномәдени орталықтар, үкіметтік емес және жастар ұйымдары өкілдерінің, түрлі салалардағы беделді азаматтардың діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы белсенді қызметін әлеуетті пайдалану қажет. Қоғам өкілдері экстремизм мен терроризмнің әртүрлі түрлерінің көріністеріне төзіп қана қоймай, кез келген деструктивті көріністерге өздерінің ұнамсыздығын ашық білдіргені маңызды. Атап айтқанда, жастардың деструктивті діни-экстремистік ұйымдар мен топтардың шынайы міндеттерін, олардың ең басты қауіп-қатерлерін

тұрғысынан мемлекет пен қоғамның жастарға қажетті әлеуметтік-экономикалық және моральдық қолдау көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталған белсенді жастар саясатын іске асырып жатқанын атап өткен жөн.

Ақпараттық технологиялардың дамуы ғаламдық және шын мәнінде шексіз Интернет арқылы жастардың экстремистік және террористік ұйымдардың радикалды идеяларына ұшырау қаупін арттырады. Бүгінгі таңда қазіргі адамдар үшін «танымның» негізгі көзі – радикалдар өз қатарына жаңа мүшелерді тарту үшін шебер қолданатын Интернет. Заманауи технологиялар адамға қабылдаудың барлық негізгі арналары арқылы әсер етуге мүмкіндік береді. Негізгі сайт пен жеке видеоканалдан, көптеген роликтер мен баннерлік жарнамадан басқа, жалданушылар нақты уақыт режимінде деструктивті діни ағымдардың жиналыстарына азаматтардың қатысу мүмкіндігін жасайды, семинарлар, конференциялар, онлайн режимінде деструктивті діни қызметтер және тағы басқалар таратылады. Ең белсенді қолданылатын алаңдардың бірі – vkontakte.ru және facebook.com. әлеуметтік желілері. Мұнда террористік ұйымға одан әрі жалдау үшін топтар мен жалған аккаунттар құрылады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар сектаға «қызығушылық» топтары арқылы кіре алады, олар іс жүзінде осындай топтарды құрушылардың шынайы ниеттерін білдіреді.

Мемлекет деструктивті сайттарды /порталдарды/ интернет-беттерді /форумдарды анықтау тұрғысынан интернет кеңістігінің мониторингін тұрақты негізде жүргізіп келеді. Осы мониторинг арқылы «деструктивті», «құрамында діни терроризм белгілері бар» интернет-ресурсты анықтайтын дінтану сараптамасы жүргізіледі. Қарсы әрекет ету әдістерінің бірі – желідегі деструктивті мазмұнды жедел жою және оған қолжетімділікті жабу. Сараптамалар қорытындысының негізінде әкімшілер осы ресурсқа қолжетімділікті, не Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі ресурстың өзін жабу туралы мәселені шешеді.

Бүгінгі таңда мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы біртұтас майдан болуы тиіс екендігіне қоғамның назарын аудару қажет. Қоғамның барлық мүшелерінің, ең алдымен, оның белсенді бөлігі – зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ-тар атынан қоғамды діни экстремизм қаупінен қорғау жөніндегі іс-қимылдарға қатысуы маңыздылығын атап өткен жөн.

Этносаралық және дінаралық келісім кез келген қоғам тұрақтылығының маңызды элементтері болып табылады. Соңғы уақытта әлем көптеген этникалық және діни қақтығыстардың куәсі болды. Сондықтан этникалық және діни салалардағы келісім мен төзімділік немесе толеранттылық біздің еліміздің өте құнды қазынасы болып табылады.

**Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.**

**Хан Николай Никитович**

Үстіміздегі жылдың 4 ақпан күні ауылымыздың тұрғыны, Шашубай кентінің халқына қалаулы, еліне елеулі еңбек ардагері **Хан Николай Никитович** 75 жасына қараған шағында өмірден өтті.



Байырғы «Озерный» поселкесінде орта мектеп бітірген ол алғашқы еңбек жолын «Рыбкомбинат» консерві цехында бастап, слесарь-наладчик болып жұмыс атқарған. Қарағанды политехникалық институтын бітіріп, 1985 жылдан Балқаш металлургия зауытының РМЗ цехында мастер болып істеген. Осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Одан кейінгі жылдарда саналы ғұмырын ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халыққа қызмет етуге арнаған. Николай Никитович ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін «Алғыс хат», т.б. мадақтамамен марапатталды.

Хан Николай Никитовичтің есімі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

**Т.Қордахан, А.Рахат, А.Күлян, К.Бибісара, Е.Күлжаш, Ж.Күляш.**

**Еске алу**



Керуен күндер келмекке кетіп, жұлдыз түндер ағып жатыр біргіндеп... Асау аттай арындаған қайран уақыт, тоқтаусыз зымырап барады. Кеше ғана аяулы Анамыз **Абдрахманқызы Шакар Жұмаділ келінін** ақырғы сапарға, мәңгілік мекеніне шығарып салып едік. Бүгін, міне, соған да бес жыл болыпты. Анасыз өткен бес жыл... Өлшеулі өмірдің бір қиындысы. Шарасыз қалған шерменде көңіл-күйдің іздей-іздей қанатының талғаны. Көнбесіне амал жоқ, тағдырдың басқа салғаны. Кімге болса да, тірліктің бір күні тоқтайтыны – ақиқат. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр шіркіннің бұралаң жолында киелі Күннің қасиетті нұр-шұағы сияқты туған Ананың мейірім-шапағаты сәт сайын керек екен адамға. «Анаңды Меккеге үш рет жаяу арқалап апарсаң да, перзенттік парызыңды өтей алмайсың» дейтін хадис сөзі текке айтылмаған. Ана, жатқан жеріңіз жайлы, қараңғы жеріңіз жарық болсын! Рухыңыз пейіштің төрінде шалқысын!

Өмір деген – тағдырыңның өткелі,  
Өкініш сол: тұрақтамас, өтпелі.  
Керуен күндер, жұлдыз түндер жылыстап,  
Жылдар өтті... аяулы Анам кеткелі.  
Содан бері өтіп жатыр елес күн,  
Ішіндемін тұманды бір елестің.  
Жылы сөздер айтылғанмен қаншама,  
Дәл өзіндей жұбата алмас бізді ешкім.  
Асыл Ана, біз табынар пір едің,  
Соғып тұрды балаң үшін жүрегің.  
Ал, қазір сен жұмақтасың, білеміз.  
Бізге және адамзатқа арнаған,  
Қабыл болсын, ғұмыр бойғы тілегің!  
Алыс әрі жұмбақ болып көрінген,  
Тілеуімізді тілер пейіш төрінен.  
Құран-дұға жетсе екен деп тілейміз,  
Бағышталар бұл фәнидің өрінен.  
**Сағына еске алушы: балалары.**

**Алимханова Укиш** 2014 жылдың 04 мамырында қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ержанов көшесінде орналасқан №1 үй мекен-жайы бойынша Ақтоғай ауданының нотариусы Ежebaев Мейрамбек Абикенулына хабарласуына болады.

04 мамыр 2021 жылы **Тускей Дария Кумарқызының** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

09 тамыз 2021 жылы **Нукербеков Рашила** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

## Құттықтаймыз!



Құрметті асқар таудай әкеміз, «ҚР Құрметті энергетигі» **Қапасов Әуелбек Қапасұлын** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен бағындырып, отбасының ұйытқысы жан жарыңызбен бірге бір жастықта қартайып, соңыңыздан ерген ұл-қыздарыңыз бен немерелеріңіздің шаттығына тоймай, шалқып жүре беріңіз.

Мерейлі белеске көтерілген ардақты әкемізге мықты денсаулық, баянды бақыт, ұзақ та шаттыққа толы өмір тілейміз. Қашанда жүзіңізден шуақ кетпей, өміріңіздің гүлі, бақытымыздың бастауы, шаңырағыңыздың думанды мерекесі, шаттығы болып, ұзақ өмір кешіңіз деп тілейміз. Әрбір күн сізге тек қуаныш, жақсылық пен арайлы сәттер сыйлап, өміріңіз мәнді де сәнді болып, ортамызда қадір-құрметке бөленіп жүре беріңіз.

Құтты болсын асқаралы биігіңіз, Шаттыққа тола берсін өміріңіз. Осынау мерейлі туған күнде, Қуаныштан тебіренсін көңіліңіз.

**Ігі тілекпен: балалары – Жангелді-Ардақ, Бекзат-Алма, Талғат-Айман, Еркін-Айша, анамыз – Айтбала және немере, жиендері.**

## Құттықтаймыз!

Сарытерек ауылының тұрғыны, құрметті әріптесіміз **Әменов Манат!**



Сізді туған күніннен және зейнеткерлік жасқа жеткен күніннен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз!

Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі маманысыз. Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірданды әке бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні еңбектің жемісі мен жеңісіне кенеліп, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Ігі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектестік білдіреміз.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз, Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз! Дәулет пен мерейіңіз таси берсін, Арта берсін абырой-беделіңіз!

**Ізгі ниетпен: «Ж.Кеңесбаев атындағы ЖББ мектеп» КММ-ң ұжымы.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, асқар таудай аға, нар тұлғалы азамат **Жармағанбетов Марат Есенұлы!** 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды бақыт, жанұяңыздың ортасында жайрандап, 100-ге келуді тілейміз.

Құтты болсын бүгінгі 60 жасың, Лайым домаласын өрге тасын. Тілейміз бір Алладан біз бақытты, Аман болсын бала-шағаң, Қарлығашың.

**Ақтоғай аудандық пошта байланыс бөлімінің ұжымы.**

## Құттықтаймыз!

Ауылымыздың ардақты азаматы, ортамызда сыйлы болып, қадірін асқақтата білген досымыз **Жармағанбетов Маратты** 60 жасқа толған мерейлі туған күнімен құттықтаймыз! Асқаралы жасқа қадам басқан ардақты дос, абзал азаматқа мықты денсаулық, мол қажыр қайрат, өміріңе шуақ, жанына қуат берсін деп тілейміз. Қашанда достығымыз берік, сыйластығымыз мықты болып, айтулы күндерді осылай қарсы ала берейік!



Үлгі болған үлкенге де, жасқа да, Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да. Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

**Ігі тілекпен: Нұрлан-Назигүл.**

## Құттықтаймыз!



Бір әулеттің отағасы, 63 жасқа келіп отырған Сарытерек ауылының тұрғыны **Әменов Манатты** зейнеткерлік жасқа келген мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Әрбір белес, әрбір асу ол – бір із. Сый-құрмет беделіңіз артып, талай жылғы сіңірген еңбегіңіздің жемісі мен жеңісі мәртебенізді көтерсін. Берекелі шаңырағыңыздан дос-мейман, ағайын-туыс, дастарханыңыздан тәтті дәм үзілмесін.

Жиып алып бойына бар күшінді, Тұлға бар батырлардай нар мүсінді. Туған-туыс, дос-жаран арасында, Тойлашы, шашылып алпыс үшінді.

**Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Серік-Кенже, балаларыңыз – Мақсат-Санагүл, жиендеріңіз – Шапағат, Данияр.**

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті де, қадірлі жиеніміз **Сейдахметов Мақатты** адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Көпшілік ғұмырын ауданымыздың болашағына арнаған азаматты халқы зиялы азамат ретінде таниды. Өмір жолында ауданымыздың ауыл шаруашылығы мекемесінде қызмет жасап, еңбексүйгіштігі, қоғамдық белсенділігі ерекшеленіп, ұжымына, ауыл халқының құрметіне бөленіп жүрген абырой-беделінді атап өтпей кетуге болмас. Өзіне және отбасына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт пен береке тілейміз. Шығар шырларың әрқашан биік болсын!



Өмірің ұрпағына өнеге мың, Тілейміз қуанышқа бөленгенін. Жүзге келіп марқайып отырсаңшы, Қызығымен немере-шөберенің. Қызметінді адалдықпен өткеріп, Халқыңның мұң-мұқтажын ескеріп. Мерейтойда арнайды бүгін тілегін, Шын жүректен Исламменен қос Серік.

**Ізгі тілекпен: Серік-Кенже, Серік-Бибінұр, Исламбек-Қарлығаш.**

## Оқуға шақырады

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың наурыз айынан бастап, «В, С1 категориялы автомобиль жүргізуші» курсына оқуға шақырады.

Оқу мерзімі – 3,5 ай.  
Мекен-жайы: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6 үй, тел.: 87103721309, e.mail: aktogai\_14@mail.ru

## Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **2-16-34** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Құттықтаймыз!



Ардақты дос, аяулы сыныптасымыз **Жармағанбетов Марат Есенұлын** асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Алпыс – тал түс. Осынау адам өмірінің биік белесіне абыроймен жеттіңіз. Алда өлі талай асулар мен белес-белдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

**Ізгі тілекпен: Қазтай, Қайрат-Бақыт, Серік-Кенже, Коля-Зәмзагүл, Сағдат-Күлән, Асхат-Рая, Ергазы-Бақша, Өмеш-Рахия, Мәжит-Дарияш.**

## Құттықтаймыз!



Ардақты да аяулы сыныптасымыз **Сейдахметов Мақат Асқарұлы!**

Сізді 60 жасқа толып жатқан меншікті мереке-ніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Биік белес, айтулы жасқа қадам басқан мерейтой иесіне ғұмырлы жас, тұғырлы биік, берекелі өмір, қашанда шаттыққа толы көтеріңкі көңіл-күй тілейміз. Қабағыңызға ешқандай кірбің түспей, бақытыңыз баянды, қуанышты сәттеріңіз ұзақ болсын. Деніңіз сау болып, отбасыңыздың тірегі, ақылшысы болып, ұзақ өмір сүре беріңіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз. Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Ігі тілекпен: жолдастары – Асқат-Айсұлу, Сәулебай-Гүлнар, Бейбіт-Бақытгүл, Рымкүл, Зайкүл, Мұратхан-Зәмза, Айман, Саят-Гаухар, Саркыт.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 бетпен асқан материалдар қабылданбайды.

